

2006  
№4(94)

ISSN 1563-0269  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОЛОГИЯ  
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№4 (94)

2006



кеткен. Келе-келе ойын түрі қалыптасып, тек жастардың көңіл көтеретін ойыны ғана емес, күйеудің қалыңдыққа келгенде кешкі думанда өтілетін ойын-сауығына айналған.

«Шешесі қыдырмашының қызы бастанғышыл болады» деп мақалда айтылғандай, қазақта «бастанғы» деген де ойын түрі болған. Шешесі бір жаққа жолаушылап кеткенде бойжеткен қыз құрбы-қурдастарын жинап, етін асып, жастармен ән салады, домбыра тартылады. Бұл ойынның тәрбиелік мәні – анасының қызының құрбыларымен ойнап-күлуіне жол ашып, қонақ күтуге баулу. Бірақ бастанғы бақылаусыз қалдырылмай, үлкендердің біреуі қадағалап отырған.

Наурыз айында көрші жатқан екі ауыл жиналып, «қалтырауық қамыр кемпір» ойынын өткізеді. Сол тойда қонақ ауыл адамдары іштерінен іріктеп, өнерлі деген қыз-жігіттерін тойға алып келеді. Той барысында екі ауылдың мерген, күсбегі, палуан т.б өнер адамдарының сайысы өтеді. Сайыс барысында бірінші топ адамдары «ак боран» деп, екінші топ адамдары «қалтырауық қамыр кемпір» деп аталған. Бұл ойын қыстың қаттылығын бейнелеп, жайдарлы көктемнің құрметіне айналған.

Бұл ойын семантикалық жағынан бір-біріне үйлеспейтін «қалтырауық», «қамыр», «кемпір» есім сөздерінің тіркесуінен тұрады.

Мұндағы «қалтырауық» – жаурағыш, «қамыр» – иілгіш, «кемпір» – кәрілік мәнін беріп, қыстың қатты, суық, кәрі адамның сүйегіндей сықырлауық екенін білдіреді. Бұл тіркестегі ұйытқы сөз «кемпір» қыс мағынасымен синонимдес, яғни, кемпір сөзі арқылы тура мағынасындағы кәрі адамның бейнесін көруге болмайды. Дегенмен, алдындағы «қалтырауық» сөзі арқылы «қақаған қыс» мәнін көріп, бұл тіркестің мағынасының көп алшақтамай, фразеологиялық тіркес құрап тұрғанын аңғаруға болады.

Жалпы қазақ халқында ойын атауларының «қыз» сөзімен тіркесуінде үлкен мән бар. Себебі, көптеген ойын түрлерінің негізгі ойнаушылары, өнерімен ерекшеленіп, ойын сәнін келтіретін қыздар болған. Сондықтан, өзіндік жолмен тіркесіп, «қыз» сөзінен келетін тұрақты тіркестер, яғни, ұлттық ойындардың номинациялық атаулары қазақ тілінде актив кездеседі. Бұл – қыз баланың ертеде халық өмірінде ерекше орын алғанын білдіреді.

1. Базарбек Ө.Т. Қазақтың ұлттық ойындары // этнология, кандидаттық диссертация, 1998. - 305 б.

2. Жанатаев Қ.Ә. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар // кандидаттық диссертация, 1998. - 120 б.

3. Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы, 1999.

Сырлыбаева Г.Т.

## ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНТОНИМДЕР ЖӘНЕ КОНТЕКСТ

*В этой статье рассматривается отражение фразеологических антонимов в контексте*

Қазақ тіл білімінде фразеологиялық антонимдерді зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі – олардың контексте көрінуі. Фразеологизмдердің антонимдік қатынасы көркем шығарма тілінде айқын және нақтырақ болып келеді. Кез – келген көркем туынды түрлі тілдік құралдар арқылы жүзеге асып, шығарманың маңызын арттыра түсері анық. Дәл осындай ерекше қасиетті фразеологиялық антонимдер де игереді. Адамның түрлі мінез – құлқына, әлеуметтік жағдайына, өміріне қатысты қарама – қарсы құбылыстарды салыстыру, тіпті табиғат құбылыстарының қарама – қарсы жағы жазушы шығармаларында фразеологизмдер арқылы шебер, дәл беріледі.

Алайда, тіл білімінде антонимдердің контексте берілу қасиеті туралы пікірлер мен

тұжырымдар тек лексикалық бірліктерге қатысты айтылған.

Сөз әр түрлі контексте жүйелі түрде қолданылып отырса, антонимдік мағынаға ие болады,- дей келе зерттеуші С.И.Никонова антонимдік контексте былай деп анықтама береді: «антонимдер үнемі бір сөйлем ішінде жұп болып немесе мағыналық жағынан тығыз байланысты іргелес тұрған сөйлемдерде қолданылады. Осындай белгілі бір синтаксистік конструкцияда сөздің өзінің антонимімен (немесе қарама – қарсы мәндегі екінші жұппен) бірге қолданылуы антонимдік контекст деп аталады» [1.7].

«Тілімізде жеке тұрғанда антоним бола алмайтын сөздер де қолданылу ретіне қарай бір – біріне қарсы мағынада жұмсала береді. Ондай сөздердегі мағына қарама –

қарсылығы көбінесе контекске телулі болады, басқаша айтқанда, ондай антонимдер сөз мағынасының әр түрлі қырынан көрінуіне, сөздің стильдік мүмкіншілігіне байланысты болады. Сондықтан оларды лексикалық және фразалық антонимдерден бөлек, стильдік (немесе контекстік) антонимдер деп атаған жөн» [2. 22] - деп ғалым Ж.Мусин мағына қарама – қарсылығына негізделген контекстік антонимдерді *стилистикалық антонимдер* деп атаса, А.Жұмабекова оларға *контекстуалды антонимдер* деген атау береді.

«*Контекстуалды антонимиялық оппозиция* дегеніміз – екі және одан да көп лексемаларды қарама – қарсы қою және ассоциативті, тілдік қарама – қарсылықтарды іске асыру» [3.26] – деген анықтама бере келе А.Жұмабекова аталған антонимдердің тіл жүйесінде бір – біріне қарама – қарсы семантиканы білдірмей, әр алуан тілдік және тілден тыс себептерге байланысты контексте бір – біріне қарама – қарсы қойылады деген тұжырым жасайды. Мысалы: «Түйе ұрлаған да ұры, түйме ұрлаған да ұры» (мақал). Мұндағы *түйе – түйме* – контекстуалды антонимдер, олар *үлкен – кішкентай, қымбат – арзан* деген градуалды қатарларды сипаттайды. Келтірілген анықтамасын осы сияқты мысалдар арқылы дәлелдей келе, А.Жұмабекова контекстуалды антонимиялық оппозициялар сөйлеу барысында бір рет ғана қолданылатынын атап өтеді.

Біз, алдымен, лексиколог ғалымдардың лексикалық антонимдердің контексте берілу жолдарын келтіре отырып, фразеологиялық антонимдерге қатысты өз ойымызды жан – жақты талдап көрсетсек.

Ғалым Ғ.Мұсабаев қазақ тіліндегі лексикалық антонимдік контекстердің төмендегідей төрт түрін ұсынады:

1. Антонимдердің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы.
2. Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.
3. Бірнеше антоним сөздердің бір сыңарларын одан кейін беру.
4. Антонимдерді аралас қолдану [4.23].

Ж.Мусин антонимдік контекстерді тұлғалық және мағыналық жағынан былайша топтастырады:

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдік контекстер.
2. Тікелей қарама – қарсы мәнде болатын антонимдік контекстер.
3. Альтернативтік мәнде болатын антонимдік контекстер.

4. Философиялық ой-түйіні, тұжырым пікір ретінде келетін антонимдік контекстер.

5. Антоним сөздер жеке, дара қолданылатын контекстер.

6. Антоним сөздер субъекті-предикаттық қатынаста болатын антонимдер.

7. Антонимдердің өзінің мағынасына тікелей қарсы негізгі жұмсалатын контекстер [2.25].

Контексте фразеологиялық антонимдерді орынды пайдалана білу өмірдегі құбылыстарды дәл суреттеп, әсерлі жеткізер шеберлік қырын танытады. Осы тұрғыда: «Жазушы кейіпкердің түсінігіндегі не сөзіндегі қайшылықтардан да үлкен контраст тудыруға шебер. Бұл жағдайда контраст жасаушы қарама – қайшылықтардың бір жағы – кейіпкер ойы, не сөзі де, екінші жағы - шындық» [5.87] - деген пікірді көркем проза тілін зерттеуші ғалым Б.Шалабаев айтқан болатын. Сондықтан да контексте фразеологиялық антонимдерді ұтымды қолдана білу жазушы шеберлігімен тығыз байланысты.

Фразеологиялық антонимдердің контексте қолданылу ерекшеліктері мен сипатына қарай: кіші ауқымдағы фразеологиялық антонимдік контекст және кең ауқымдағы фразеологиялық антонимдік контекст деп жіктеуге болады. Кіші ауқымдағы фразеологиялық антонимдік контекст деп бір ғана сөйлем ішіндегі фразеологизмдердің антонимдік жұп құру қасиетін айтамыз: *Бала кезімнен бірге өскен Сәуле момын, қой аузынан шөп алмас, ал мен болсам керісінше шаш ал десе бас алатын қыз едім (Ақ босаға. №11. 2005). Әке қаншама ағынан жарылдым дегенде де әлде бірденелерді бүгіп қалған (Р.Токтаров).*

Осындағы бірінші сөйлемде *қой аузынан шөп алмас ↔ шаш ал десе бас алатын, момын – пысық* мағыналарын білдіріп тұрған қарсы мәндегі фразеологизмдер бір сөйлемнің ішінде қатар қолданылған. Екінші сөйлемде де дәл солай *ағынан жарылу ↔ бүгіп қалу (сақтау)* фразеологизмдері бір нәрсені бүкпесіз айту немесе жасыру деген қарама – қарсы қасиетке байланысты айтылып, бір ғана сөйлем ішінде антонимдік жұп болып тұр.

Кең ауқымдағы фразеологиялық антонимдік контексте фразеологизмдердегі қарама – қарсылық іргелес сөйлемдер арқылы беріледі: *Қызыл көз, жіп – жінішке сырықтай, жирен майор қабағын түйе келіп ауыз бөлмеде пешіне бастады. Істің тынымды.*

таза істелгенін, әсіресе өзінің аяқ басатын жолына қиық тақтай төселгенін көргенде қабағы ашылып, үш пленге майор болымсыз болса да жадырай қарады (Ж.Жұмаханов). Мұнда алғашқы сөйлемдегі қабағын тую фразеологизмі адамның көңіл күйінің бір жақты көрінісі ғана, ал оның қарама – қарсы жағы екінші сөйлемдегі қабағы ашылу фразеологизмі арқылы беріліп тұр.

Контексте фразеологиялық антонимдердің берілу ерекшеліктеріне қатысты төмендегі түрлерін ұсынуға болады:

1. Фразеологиялық антонимдер бір сөйлемнің ішінде қатар қолданылады.

2. Лексикалық бірлікке фразеологизмнің антоним болуы.

3. Контексте лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдер қатар қолданылады.

4. Фразеологизмге синонимдік қатар құрған фразеологизмдердің қарсы мәнде жұмсалыуы.

5. Жеке тұрғанда антонимдік қасиетті иеленбейтін, ал контексте антоним ретінде жұмсалатын фразеологизмдер.

Фразеологиялық антонимдердің контексте қолданылуына қатысты бұл топтастырудың әр қайсысының мәнін ашып, жеке – жеке тоқталып отсек.

1. Шынында Перизаттың бауыр басып қалғанын сезе тұра, жетім қыздың маңдайынан сипамай сырт айналды (Б.Иманғазина). Үнемі асығы алшысынан түсіп саудасы жүре қоюшы еді, бүгін күн ұзаққа ісінің қырын кетуін көрмеймісін (М.Сүндетов). Мұндай контекстерде фразеологиялық антонимдер сөйлемнің ыңғайына орай қатар қолданылып тұр. Атап көрсетсек бірінші сөйлемдегі антоним фразеологизмдер бауыр басу – сырт айналу, екінші сөйлемде асығы алшысынан түсу – ісі қырын кету фразеологизмдері антоним болып тұр.

2. Контексте лексикалық бірлікке фразеологизмнің антоним болып келуі ұшырасады. Көркем шығарма тілінде бұл ерекшелік қарама – қарсылықты берудің өнімді жолы ретінде қолданылып жүр. Мысалы: Жана Мүлік, Ақжандар келгенде қатты қуанған Құпия мына жаңа топты көргенде көңілі құлазып сала берді (С. Досанов). Мәрия да інісіне тартқан көріксіз қызғылт сары әйел еді. Күйеуі үріп ауызға салғандай әрлі жігіт- тін (М.Ысқақбай). Сен қазір жуансын. Мен болсам жастайымнан

өмірім жалшылықта өткен, сіңірі шыққан кедеймін (Б.Тілегенов)

Бірінші сөйлемде адам эмоциясына қатысты қуану сөзіне мұнаю мағынасын білдіретін «көңілі құлазу» фразеологизмі антоним болып тұр. Екінші мысалдан да осыны аңғаруға болады. Мұнда үріп ауызға салғандай фразеологизмі әдемі, сүйкімді мағынасын білдіреді де көріксіз сөзіне қарсы мәнде жұмсалады. Үшінші сөйлемде жуан сөзіне сіңірі шыққан кедей фразеологизмі антоним болып тұр. Мұндағы жуан сөзі жіңішке сөзінің антонимі ретіндегі мағынасында емес, ауыспалы мағынада тұр. Бұл сөйлемде жуан сөзі бай адамға қатысты айтылып, кедей мағынасында айтылатын сіңірі шыққан кедей фразеологизміне қарсы мәнде жұмсалған. Осы тұста фразеологизм контексте тек номинативті мағынасында тұрған сөзге ғана емес, ауыспалы мағынадағы сөзге де антоним болатынын аңғардық.

3. Лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдердің қатар қолданылуы да үнемі контексте көрініс табады. Бұл ерекшелік құрмалас сөйлемдерде немесе іргелес тұрған екі жай сөйлемде кездеседі. Мысалы: Қуаныш деген өзгенін басындағы қайғысына қарамайтын арсыз нәрсе екен – ау, марқұмның денесін шығарғанда, жерлегенде өзгелер аһ ұрып күрсініп, ботадай боздағанда бұл екеуінің қуаныштары қойнына сыймаған еді (Т.Нұрмағанбетов). Әсіресе соңғы екі баладан кейін кепеден биіктеу болғанымен тамнан аласалау әлгі екі бөлмелі үйлері тым тарылып кеткен соң, тағы да бала – шағаларымен жабылып шуласып жүріп үлкендеу бір бөлме қосты да, үш бөлмелі үйде кейде ауыз жаласып, кейде қырық пышақ болып қырқысып балалары өсіп, ер жетіп жатты (Т.Нұрмағанбетов).

Мұндағы алғашқы сөйлемде қуану – қайғыру лексикалық антонимдері, сондай – ақ ботадай боздау – қуанышы қойнына сыймау антоним фразеологизмдері қатар қолданылған. Лексикалық пен фразеологиялық антонимдерде де қарама – қарсылық адамның эмоциясына қатысты айтылған. Екінші келтірілген сөйлемде аласалау – биіктеу – лексикалық антонимдер, ауыз жаласу – қырық пышақ болу – фразеологиялық антонимдер. Екі антонимдік жұп бір сөйлем ішінде қолданылған, алайда аласалау – биіктеу өлшемді салыстыру мәнінде қарама – қарсы қойылса, ауыз жаласу – қырық пышақ болу деген қарсы

мәндегі фразеологизмдер адамның татуласу – араздасу сияқты әрекетіне қатысты берілген. Яғни лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдер бір ғана нәрсеге қатысты айтылмағанын аңғарамыз.

4. Контексте фразеологизмге синонимдік қатардағы фразеологизмдер антоним болып келуі де жиі қолданылады. Мысалы: *Күлшараның үлкен қызымен үнемі керісіп қалушы едік, екінші қызымен шәй деспей, дәм- тұзымыз жарасайын деп тұр – ау – деген ойды Үсентай әу бастан – ақ ойлаған (Т.Нұрмағанбетов). Бұл ішкі қалтасына қайта – қайта қол салып, ашудан бұлқан – талқан болып, зығырданы қайнап тұрғанда өзгелерге қосылып әлгіндегі қайыршылар да ішек – сілелері қатқанша күлді (Т.Нұрмағанбетов). Айрандай ұйып, шәй деспей отырған ерлі – зайыптыларды ақыры араздастырып тынды (О.Бөкей).* Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, біріншісінде «керісіп қалу» (ұрысу, жанжалдасу мағынасын білдіреді) фразеологизміне «шәй деспеу», «дәм - тұзы жарасу» синонимдік қатардағы фразеологизмдері антоним болса, екінші сөйлемде «бұлқан – талқан болу», «зығырданы қайнау» - деген ашулану мәнін білдіріп тұрған фразеологизмдер қатарына «ішек – сілесі қатқанша күлу» фразеологизмі қарсы мәнде келіп тұр. Соңғы сөйлемде синонимдік қатардағы фразеологизмдер «айрандай ұю», «шәй деспеу» болса, оған антоним ретінде «араздасу» сөзі қолданылған.

5. Кейбір жағдайда жеке тұрғанда антоним бола бермейтін фразеологизмдер контексте антонимдік мәнге ие болады. Мұндағы антонимдік қасиет сөйлемнің білдіретін мағыналық сипатына орай айқын байқалады. Мысалы: *Қыз кезінде алдына жан салмайтын әнші де, ақын да еді, енді мынау жүнін жұлған тырнадай боп отырған, - дейді Төлен қабырғаласып отырған біреуге сыбырлап (Ел аузынан). Қыздың қадір – қасиетін білер есті адамға кездесе бағы жанып, арманына жетер, шілдесінде шырақ көрмеген тасмандайға тап болса мұз арқалап, күл төгер (Б.Мұқай).*

Бірінші мысалдағы «алдына жан салмау - жүнін жұлған тырнадай» фразеологизмдері сөйлем ішінде қарама-қарсы мәнге ие. Ал жеке тұрғанда олар антонимдік қасиетті иеленбейді, мұнда қарама – қарсылық

олардың тікелей семантикасына қатысты анықталады. «Алдына жан салмау» - көбінесе пысық деген мағынада қолданылады, нақты антонимдік жұбы ретінде «мың салса, бір баспау» фразеологизмін қолдансақ орынды болар еді. «Жүнін жұлған тырнадай» фразеологизмі ұсқынсыз деген мағынаны білдіреді, оған «үріп ауызға салғандай» фразеологизмі нақты антоним бола алады. Алайда, жоғарыдағы мысалда «алдына жан салмау - жүнін жұлған тырнадай» фразеологизмдері адамның қарама – қарсы екі жақты қырын көрсету мақсатында қолданылып тұр. Екінші сөйлемде «бағы жану – мұз арқалап, күл төгу» фразеологизмдері сөйлем ішінде қарама – қарсы қасиетті иеленген, алайда жеке тұрғанда оларда антонимдік мағына айқын емес. Олай болса, жеке алғанда бағы жану – соры арылмау, бағы жану – маңдайының соры бес елі, мұз арқалап күл төгу – ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру деген жұптарды қолдансақ, мағына қарама – қарсылығы анық көрінеді.

Қорыта келгенде, фразеологизмдердің антонимдік ерекшеліктері контексте айқын көрінеді. Көркем шығарма тілінде фразеологиялық антонимдердің жиі кездесуі, алдымен жазушы тілінің шеберлігін білдірсе, кейде кейіпкердің түрлі мінез – құлқын, қасиеттерін, дүниедегі түрлі құбылыстарды қарама – қарсы қоя отырып салыстыруда таптырмайтын көркемдік әдіс болып табылады. Контексте қолданылуына қарай, антоним фразеологизмдер бір сөйлем ішінде немесе іргелес тұрған сөйлемдерде, сөз бен фразеологизмнің антоним болуы, лексикалық және фразеологиялық антонимдердің қатар бір сөйлем ішінде кездесуі сияқты қасиеттерді игереді. Сондай-ақ жеке тұрғанда антонимдік жұп құрмайтын фразеологизмдердің контексте антоним ретінде жұмсалыуы да кездеседі.

1. Никонова С.И. Антонимия и контекст. // Содержание и методика преподавания русского языка в средней и высшей школе. Волгоград, 1972. -7-9 стр.
2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 1984. - 176 бет.
3. Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 2000. -184 бет
4. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. - 256 бет.
5. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. Алматы, 1994. - 121бет.